

FTAMP 03.20:75.33

<https://doi.org/10.26577/JH2025116108>**Ә.Б. Шалманова*** , **Р.А. Бекназаров** 

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

*e-mail: aliya_sh83@mail.ru

МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ БАСПАНАЛАРЫ

Қазақтардың тұрғын үйінің тарихы тереңде жатыр. Қазақтардың баспанасы туралы ірі еңбектер мен шағын мақалалар да бар. Бірақ Моңғолия қазақтарының қазіргі кездегі баспанасы туралы арнайы зерттеулер жоқ. Мақаланың мақсаты Моңғолиядағы қазақтардың қоныстану жүйесінің ерекшеліктерін, материалдық мәдениетінің маңызды элементтерінің бірі – баспанасының жылжымалы және тұрақты түрлерін этнографиялық экспедициялардың барысында жиналған материалдар негізінде қарастыру болып табылады. Осылайша мақала дәстүрлі баспананың қолданылуы, енгізілген жаңашылдықтар, тұрақты баспаналардың өзгеріске ұшырауы туралы мәлімет алуға мүмкіндік береді. Авторлар бірнеше экспедициялар барысында жиналған материалдарды осы мақалада негізгі дереккөз ретінде пайдаланады. Көпжылдық зерттеулер мәліметтерін этнографиялық әдебиеттердегі мағлұматтармен салыстыра сараптай отырып, тарихи-салыстырмалы әдісті қолданады және дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысуын қарастырады.

Зерттеу нәтижелері Моңғолиядағы қазақ диаспорасының арасында Баян-Өлгий аймағын мекендейтін қазақтар өзінің дәстүрлі материалдық мәдениетін қазіргі уақытқа дейін сақтап келетіндігін аңғартады. Негізгі этникалық массивтен бөлек өзге мәдени ортада мекендесе де аталмыш аймақта шоғырланып өмір сүру, сондай-ақ жартылай көшпелі мал шаруашылығын жүргізу, елдегі халха-моңғол, урианхай және өзге түрік тектес ұлт өкілдерінің тұрмыс салтындағы ұқсастық, үкімет тарапынан қысым көрмеу және елдегі туризмнің дамуы дәстүрлі материалдық мәдениеттің сақталуына ықпал етеді.

Түйін сөздер: қазақтар, Моңғолия, киіз үй, баспана, қоныс.

A.B. Shalmanova*, R.A. Beknazarov

Aktobe Regional University named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

*e-mail: aliya_sh83@mail.ru

Modern dwellings of kazakhs in Mongolia

The history of Kazakh dwellings has a long history. There are both large works and small articles about the dwellings of the Kazakhs. However, there are no specific studies on the study of the dwellings of the Kazakhs of Mongolia in modern times. The purpose of the article is to consider the features of the settlement system of the Kazakh ethnic group in Mongolia, one of the important elements of their material culture – mobile and stationary types of dwellings based on materials collected during ethnographic expeditions. Thus, the article presents information on the use of traditional dwellings, the introduction of innovations and changes in stationary dwellings. As the main source in this article, the authors use materials collected during several expeditions. The work uses the historical-comparative method, in which the data of long-term research are compared and analyzed with information in the ethnographic literature, and the interweaving of traditions and innovations is studied.

The results of the study indicate that among the Kazakh diaspora in Mongolia, the Kazakhs inhabiting the Bayan-Ulgii aimag have preserved their traditional material culture to this day. Despite living in a different cultural environment far from the main ethnic group, compact residence in this region, as well as semi-nomadic cattle breeding, the similarity of the lifestyle of the Khalkha Mongols, Uriankhais and other Turkic ethnic groups of the country, the absence of pressure from the state, the development of tourism in the country contributes to the preservation of traditional material culture.

Key words: kazakhs, Mongolia, yurt, dwelling, settlement.

А.Б. Шалманова*, Р.А. Бекназаров

Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актюбе, Казахстан

*e-mail: aliya_sh83@mail.ru

Современные жилища казахов Монголии

История жилищ казахов имеет долгую историю. Имеются как крупные труды, так и небольшие статьи о жилище казахов. Однако конкретных исследований по изучению жилищ казахов Монголии в современности нет. Цель статьи – рассмотреть особенности системы расселения казахов Монголии, один из важных элементов их материальной культуры – передвижные и стационарные типы жилищ на основе материалов, собранных в ходе этнографических экспедиций. Таким образом, в статье представлена информация об использовании традиционных жилищ, внедрении новаций и изменениях в стационарных жилищах. В качестве основного источника в данной статье авторы используют материалы, собранные в ходе нескольких экспедиций. В работе используется историко-сравнительный метод, при котором данные многолетних исследований сравниваются и анализируются с информацией в этнографической литературе, а также изучается переплетение традиций и инноваций.

Результаты исследования свидетельствуют о том, что среди казахской диаспоры Монголии казахи, населяющий аймак Баян-Ульгий, до наших дней сохранил свою традиционную материальную культуру. Несмотря на проживание в иной культурной среде вдали от основного этнического массива, компактное проживание в этом регионе, а также занятие полукочевым скотоводством, сходство образа жизни халха-монголов, урянхайцев и других тюркских этносов страны, отсутствие давления со стороны государства, развитие туризма в стране способствует сохранению традиционной материальной культуры.

Ключевые слова: Казахи, Монголия, юрта, жилище, поселение.

Кіріспе

Қазақтардың тұрғын үйінің тарихы тереңде жатыр. Қола дәуірінен бастап Қазақстан аумағын мекендеген тайпалар мен этникалық топтардың баспана түрлері туралы мәліметті археологиялық зерттеулерден аламыз. Ал қазақтардың дәстүрлі қоғамы, материалдық мәдениеті туралы мағлұмат саяхатшылардың, әскери қызметкерлердің, ғалымдардың іргелі еңбектерінде немесе баспасөздегі шағын мақалаларында берілген. Ғасырлар бойы қалыптасқан баспана жергілікті жерде жүргізілген шаруашылық түріне, табиғи-климаттық жағдайына қарай, саяси реформаларға байланысты өзгеріске ұшырап отырды. Кеңес үкіметі орнатылғаннан кейін қазақтар өз елінде мекендей отырып, дәстүрлі мәдениетінен қол үзіп, ел тәуелсіздігін жариялаған соң қайта жаңғырта бастады. Ал қазіргі таңда Моңғолияда мекендейтін қазақ этникалық тобы қазақтардың негізгі этникалық массивінің ажырамас бөлігі болса да жырақ орналаса отырып, дәстүрлі мәдениетті сақтап келе жатыр. Дәстүрлі материалдық мәдениеттің сақталуына бір аймақта шоғырланып қоныстануы, Моңғолияны мекендейтін моңғол тілдес және түрік тектес ұлт өкілдерінің мәдениетіндегі ұқсастықтар, жартылай көшпелі мал шаруашылығының жүргізілуі, үкімет тарапынан қысым көрмеу, табиғи-климаттық жағдай әсер етті. Қазақтардың дәстүрлі жыл-

жымалы баспанасы – киіз үй туралы мәліметтер орыс зерттеушілері мен саяхатшыларынан бөлек, этнографиялық шағын және ірі еңбектерде сипатталған. Бұл мақалада Моңғолиядағы қазақ этникалық тобының қоныстану жүйесінің ерекшеліктері, материалдық мәдениетінің маңызды элементтерінің бірі – баспанасының жылжымалы және тұрақты түрлері этнографиялық экспедициялардың барысында жиналған материалдар негізінде қарастырылады.

Материалдар мен әдістер

Қазақтардың материалдық мәдениетінің ескерткіші – киіз үй және негізгі этникалық массивтің тұрақты баспанасы туралы іргелі еңбектер бар (Муқанов, 1981; Востров, Захарова, 1989). Алайда Моңғолияны мекендейтін қазақ диаспорасының қазіргі баспанасы туралы мәлімет аз. Жарияланған еңбектер мен мақалалардың көп бөлігі Моңғолия қазақтарының тарихына, көші-қон мәселелеріне т.б. арналған. Отандық ғалымдардың мақалаларында қоныстану жүйесі мен тұрақты және жылжымалы баспанасы жөнінде баяндалады. Мәселен, архитектура докторы Л.Р. Турганбаеваның мақаласында қоныстану жүйесі, баспаналар мен шаруашылық құрылыстардың орналасуы, үйдің жоспары қарастырылған. Этноархеолог, этнографтар С.Е.Әжіғалидің, Н.Байгабатованың мақалаларында киіз үйдің

ерекшеліктері баяндалады (Әжіғали және т.б., 2004; Байгабатова, 2020).

Шетелдік ғалымдардың еңбектерінде Ховд, Баян-Өлгий аймақтарын мекендейтін қазақтардың тарихы, әлеуметтік-экономикалық жағдайымен қоса, тұрғынжайлары ішінара сипатталады. Соның ішінде Моңғолиядағы қазақ диаспорасын зерттеуші П.Финке «Киіз үй, мүмкін, адамзаттың ең үлкен архитектуралық жетістіктерінің бірі, ол жергілікті жағдайларға жақсы бейімделген» деп пайымдайды (Finke, 2024: 44). Портис А. өз мақалаларында киіз үйдің, бір жағынан, сәнін келтіретін, екінші жағынан, жылжымалы баспананы тіккеннен кейін белгілі бір қызмет атқаратын қолөнер бұйымдарын мал өнімдерінен жасау және қолдану мәселесіне тоқталады (Portisch, 2009; Portisch, 2010; Portisch, 2013; Portisch, 2023).

Авторлар ұсынылған мақалада 2008, 2013, 2023 жж. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының этнология бөлімі қызметкерлерінің және өнертанушы, архитектор т.б. ғалымдардың қатысуымен өткізілген Моңғолия кешенді экспедициясы (жетекші т.ғ.д., профессор С.Е.Әжіғали) барысында жүргізген этнографиялық, этносоциологиялық зерттеулері негізінде баспана түрлеріне тоқталып, өзгерісін сипаттайды. Түздік зерттеу жұмыстары алғашқы жылдары және 2023 жылы қазақ этникалық тобы көп шоғырланған елдің батыс бөлігінде – Ховд және Баян-Өлгий аймақтарында, ал 2013 жылы Моңғолияның солтүстік, орталық, шығыс, батыс аумағында жүргізілді. Осылайша жылдың төрт мезгілінде жүргізілген зерттеу жұмыстары кең көлемде мәлімет жинауға мүмкіндік берді (АДМ, 2013). Авторлар түздік материалдарды осы мақалада негізгі дереккөз ретінде пайдаланады. Көпжылдық зерттеулер барысында жиналған материалдарды этнографиялық әдебиеттердегі мәліметтермен салыстыра сараптай отырып, тарихи-салыстырмалы әдісті қолданады және дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысуын қарастырады. Сұхбаттасу материалдарын пайдалану арқылы дәстүрлі жылжымалы баспананы қазіргі заманда қолданылуына жаңа буын өкілдерінің көзқарасын анықтайды.

Нәтижелер мен талдаулар

Моңғолияға XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. бірінші жартысындағы саяси оқиғаларға байланысты қоныстанған этникалық қазақтардың саны қазіргі таңда 120 мыңнан асты. Бірақ жалпы халқы 3,2 млн құрайтын бұл елде қазақ эт-

никалық тобы 3,8% болса да, саны жағынан халхадан кейінгі екінші ұлт болып табылады. Қазақтар көбінесе Баян-Өлгий, Ховд, Сэлэнгэ, Төв, Хэнтий аймақтарында және Уланбатор қаласында тұрады. Барлық қақтың 42 % қалада, ал қалған 58 % ауылдық елді-мекенде қоныстанған (2020 Population, 2020: 52). Моңғолияның батыс аймақтарын мекендейтін қазақ диаспорасының негізгі шаруашылығы жартылай көшпелі мал шаруашылығы болып табылады.

Моңғолия қазақтарының қоныстарын үш түрге бөлуге болады: 1) жыл бойы тұрақты – аудан орталықтары (сұмын) және облыс орталықтары (аймақ); 2) тұрақты-маусымдық – қыстау, көктеу-күзеу; 3) жайлаудағы уақытша қоныстар (Турганбаева, 2012 :318). Сұмын, аймақ орталықтарында мектеп, малшылардың балаларына арналған интернат, монша, емхана, банк бөлімшесі, балабақша, мәдениет үйі, мешіт, пошта, дүкен, базар, жергілікті әкімшілік бар. Жартылай көшпелі мал шаруашылығын жүргізетін отбасылардың қоныстану принципі – дәстүрлі: үш-бес туысқан отбасылардан тұратын ауылдар. Көбінесе үлкен үй (әке-шешесі), 2 отау (үйленген балалары) болып көшеді. Тұрақты маусымдық қоныстар қыстау, көктеу (жазғытұры)-күзеу деп бөлінеді. Әдетте, күзгі және көктемгі жайылымдар қыстауға жақын орналасады. Тұрақты-маусымдық қоныстар желден қорғалған ық жерлерде, тау етегінде, өзен аңғарларында және су көзіне жақын тау бөктерінде орналасады және тұрақты үйден («ыстық үй»), шаруашылық құрылыстардан («тошал үй»), ашық қорадан, бітеу қорадан, шөп қашадан құралады (сурет 1).

Моңғолия қазақ этникалық тобының шаруашылық негізі және ел экономикасының басты бағытының бірі жартылай көшпелі мал шаруашылығы құрайды. Сондықтан қазіргі заманда да жылжымалы дәстүрлі баспана – киіз үй әлі де қолданыстан шыққан жоқ және қазақ диаспорасының тұрмысында маңызды орын алады. Киіз үйдің ағаш қаңқасы тасымалдауға ыңғайлы, киіз жабындысы суықты, жауын-шашынды өткізбейді, жазда күннің ыстығынан қорғайды, ауа өткізеді.

Жылжымалы баспана. Дәстүрлі жылжымалы баспана – киіз үй жөнінде жазылған ірі еңбектер мен мақалалар бар. Біздің мақсатымыз Моңғолияда қоныстанған қазақтардың жылжымалы баспанасын сипаттау болып табылады. Этнографиялық мәліметтен белгілі, киіз үй түркі типті және моңғол типті болып бөлінеді. Екі түрдің бір бірінен айырмашылығы – уығында. Түркі типті киіз үйдің уығының қарымы иілгендіктен

күмбезді, ал моңғол типті киіз үйдің уығы тік болғандықтан конус тәрізді болып келеді. Қазіргі заманда Моңғолияның Баян-Өлгий аймағын мекендейтін қазақтар ата-балаларынан жалғасып келе жатырған түркі типті киіз үйді пайдаланады және оның барлық дәстүрлі құрылымдық элементтері сақталған. Халха-моңғолдар,

урианхайлар және түрік тектес тыва, хотондар моңғол типті киіз үй тігеді (Базылхан, 2014: 70). Қазақтардың дәстүрлі жылжымалы баспанасын Қазақстандағы негізгі этникалық массив «ағаш үй», «киіз үй», «боз үй» деп, Моңғолия қазақтары «киіз үй» деп атайды. Ал моңғолша атауы «эсгийн гэр» (киіз үй).



1-сурет – Қыстаудың жалпы көрінісі, Баян-Өлгий аймағы, Алтай сұмыны, 2008 ж.

Этнограф Н.Байгабатова Ховд сұмынында аз ғана моңғолдар тұратынына қарамастан қазақтардың моңғол типті киіз үйді пайдалануын табиғи-климаттық жағдайлардың ерекшеліктерімен байланыстырады. Өйткені моңғол киіз үйлері қазақтардың киіз үйлерінен төменірек және көлемі жағынан біршама кішірек болғандықтан қатты екпінді желге төзімді (Байгабатова, 2020: 89). Біздің пікірімізше, Баян-Өлгий аймағынан басқа өлкелерде – Ховд, Сэлэнгэ, Төв, Хэнтий аймақтарында қазақтар арасында моңғол типті киіз үйлер соңғы жылдары кең қолданысқа ие болуының бірнеше негізгі себептері бар. Оның бірі киіз үй жасайтын шеберлер – үйшілердің қатары жыл сайын азаюы, екіншісі, қажетті шикізат – ағаштың тапшылығы және үшіншісі, моңғол киіз үйлерін жасау өндірістік жолға қойылғандықтан бағасы қолжетімді болуы. Соған қарамастан солтүстік, орталық және шығыс аймақтарда киіз үйдің иесі қазақ екенін алыстан, үй сыртынан байланған белдеу санынан байқауға болады. Туырлықтың үстіндегі ақ көшкінің

сыртынан екі белдеу тартылса, киіз үй иесі – қазақ, үш қатар белдеу тартылса – урианхай немесе халха моңғол екені анықталады.

Моңғолия қазақтарының киіз үйлерінің ерекшелігі – киіз үй кереге санымен емес, кереге бастарымен (екі сағананың түйіскен жерімен) өлшенеді. Киіз үйдің шаңырақ саңылауларының саны, уықтардың саны керегенің бастарына сәйкес келеді. Ең көп тараған киіз үйдің түрі 70–80 бастан тұрады. Ақпарат берушілердің айтуынша, ең үлкен киіз үй 100 бастан, ең кіші киіз үй 52 бастан тұрады (Әжіғали және т.б. 2004:11). Уық ұзындығы 13–17 қарыс болады. Уық ұзын болған сайын киіз үй көлемі де үлкейеді.

Ғасырлар бойы атадан балаға жалғасып келе жатқан жылжымалы баспана – киіз үй кеңістігін ұтымды бөлу тәртібі заманауи жаңашылдықтар енгізілсе де қазіргі күнге дейін қатаң сақталып келеді. Киіз үйдің ортасынан орын алған дәстүрлі ошақ XIX ғ. қолданыстан шыға бастады. Темір пештің қолданылуы туралы Моңғолияда сапарда болған Г.Н.Потаниннің мәлімдеуінше,

орыстар келгенге дейін жергілікті үйлер ошақпен жылытылатын; орыс саудагерлері мұржасы бар темір пештер жасап, қытайларға сата бастады, кейін қытайлар өздері жасауды үйренді. Осылайша, Қобдода ғана емес, көршілес Ламай монастырларында да, пештер көбінесе киіз үйлерде қолданылды (Потанин, 1948: 65). Мұржасы шаңырақтан шығып тұратын пештің үстіне тамақ пісіріледі және үй жылытылады. Киіз үйдің диаметрі бойынша ағаш еден төсеу, пеш қолдану сияқты жаңашылдықтар суық мезгілде киіз үйде тұруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда БҰҰ-ның даму бағдарламасы, Азия фонды, «URECA» компаниясы, «Гэр ургоо» ҰЕҰ бірлесіп, Уланбатор қаласының маңында киіз үйде тұратын отбасыларға от жағатын пештің орнына күн энергиясын қолдану арқылы электр пештерін пайдалануға көшуін жүзеге асыруда. Осылайша ауаның түтінмен ластануын азайту, электр қуатымен қамтамасыз ету және баспананы жылыту көзделген (В Уланбаторе, 2023). Моңғолияның экономикасы қарқынды дамуына қарағанда алдағы он жыл ішінде от жағатын пешті электр қуатымен жылытылатын пеш ығыстыруы әбден мүмкін.

Дәстүр бойынша киіз үй іші босағаға қарсы бөлік – төр, төрдің оң жағындағы немесе кіреберістің сол жағындағы босаға маңы ер адамдар, төрдің сол жағындағы немесе кіреберістің оң жағындағы босаға маңы әйелдер бөлігі болып бөлінеді. Төрге жүкаяқ үстіне сандық, жүк қойылады, керегеге фотосуреттер, марапаттар ілінеді. Төрден босаға маңына дейінгі оң жақ бөлігінде балалардың немесе жас жұбайлардың төсек орны орналасады. Қонақ қонса, оған төрге немесе киіз үйдің оң жағына төсек салып беріледі. Оң жақ бөлігінің босаға маңында ат әбзелдері, саятшының құралдары, бүркітке арналған тұғыр т.б. ер адамдардың құрал-саймандары орналастырылады. Төрден босаға маңына дейінгі сол жақ бөлігінде үй иесінің төсегі, босағаның қасында азық-түлік, кебеже, ыдыс-аяқ, саба және т.б. тұрмыстық бұйымдар қойылады. Киіз үй ішінде дәстүрлі қолөнер бұйымдарымен заманауи жиһаздар үйлесім тауып орын алады. Жайлауда барлық отбасылар спутник антенналарын және күн батареяларын арқылы баламалы энергия пайдаланып, тоңазытқыш, мұздатқыш, теледидар т.б. ірі және ұсақ тұрмыстық техника қолданады.

Ісмер әйелдер киіз үйлерін көздің жауын алатындай қолөнер бұйымдарымен безендіріп қояды. Қазіргі таңда жас буын өкілдерінің қолөнермен шұғылдануға құлшынысы басылып

келе жатса да, шешелері жасаған түскііздер мен сырмақтар, бау-басқұрлар қолданылып келеді. Сонымен бірге туристердің елге ағылып келуіне және олардың қазақтардың қолөнер бұйымдарына қызығушылық танытуына байланысты ілулі тұрған түскіізді сатып жіберіп, ісмер басқа түскііз тіккенше оның орнына өндірістік кілем ілінген жағдайлар экспедиция барысында кездесті.

2008 жылмен салыстырғанда 2013 ж. жүргізілген сауалнама қорытындысы (АДМ, 2013) жастардың қолөнер бұйымдарын жасауға құлықсыздығын көрсетті. 2023 ж. зерттеулер бұл үрдістің жалғасып келе жатқанын байқатты. 2000-жж. бастап нарықта пайда болған Қытай фабрикаларында жасанды материалдардан өндірілген киіз үй жабындысын қолдануға тұрғындар тарапынан әрекет жасалды. Бірақ фабрикалық өнімдер жұқа, тығыз емес және тез тозатын, ауа өткізбейтін болды. Жауын-шашынның өтуіне жол бермеу үшін қазақтар полиэтилен жабындысын пайдаланды. Осылайша өндірістік өнімдерді киіз жабындының орнына пайдалану тәжірибесі ұзаққа созылмай, сәтсіз болды. Бірақ қой жүнінен киіз жасайтын шағын цехтар пайда болып, бір жағынан, тұрғындардың жұмысын жеңілдетіп, екінші жағынан сапалы өнім ұсына бастады. Сонымен қатар этникалық стильдегі бұйымдарға сұраныстың жоғары болуына орай кілем нарығында моңғол және қытай өндірісінің түрлі қазақ ою-өрнектері бар, композициялық шешімі сырмаққа ұқсас кілемдер пайда болды. Олар сапасымен ерекшеленді. Біріншісі 100% қой жүнінен жасалған және жүні өте тығыз тоқылған. Екіншісі – синтетикалық материалдан жасалған, жұқа болды.

Жаз мезгілінде жартылай отырықшы мал шаруашылығын жүргізетін отбасылармен қатар, көптеген сұмын тұрғындары да жайлауға қоныс аударады. Жайлауда киіз үй тігеді. Әр қазақ отбасында киіз үй бар. Жігіт үйленгенде әке-шешесі оған енші бөліп, отау тігіп береді. Оқушы балалары бар отбасылар, мұғалімдер жайлауда 1 қыркүйекке дейін, яғни оқу жылы басталғанша, ал басқалары ауа райы суығанға дейін дәстүрлі жылжымалы баспананы қолданады. Киіз үй тек баспана ғана емес, сонымен қатар мешіт, балабақша, офис ретінде де пайдаланылады.

Киіз үйлерді жайлауда орналастыру жоспары әр түрлі болады: 1 қатарда, шеңбер етіп және шашыраңқы және т.б. Архитектор Л.Р. Тұрғанбаеваның пікірінше, қоныстардың (қатармен, доғаланып, шеңберленіп, сопақша) орналасуы дәстүрге байланысты емес, жердің топография-

сын ескере отырып және малды жыртқыш аңдардан қорғауға негізделеді (Турганбаева, 2012: 318). Түнде ұсақ малды қамауға арналған аула секілді пайдалану үшін киіз үйлерді шеңбер құрып орналастырады. Мұндай жағдайда киіз үй есігі ортаға қарай, ал қатарланып орналасса, есік шығысқа бағытталады. Егер сұмын, аймақ орталықтарының тұрғындары жазда жайлауға көшсе, киіз үйлер белгіленген жерлерге тізбектеп орналастырылады. Ал малшылар жайлауға 2–3 киіз үй тігеді, яғни үлкен үй және отау болып бір отбасы мен үйленген ұлдары отбасымен бір ауыл құрайды.

Сұмын, аймақ орталықтарында қалған халық (бюджеттік және басқа ұйымдардың қызметкерлері, саудагерлер, жұт кезінде малынан айырылған отбасылар) жазғы маусымда қашаға

киіз үйлерін тігеді (Сур. 2). Жазда қарттар киіз үйде тұруды ұнатады. Өйткені, олардың пікірінше, киіз үй ішінде таза ауа, қоңыр салқын. Алайда, 2008 ж. зерттеу барысында аға буын өкілдерінің айтуынша, кейбір жастар киіз үй тігуге ерініп, тұрақты баспананы қалайтын (АДМ, 2008). Ал 2023 ж. сұхбат барысында респонденттер елге туристтердің көп келуіне байланысты табыс табу мақсатында кішігірім музей немесе қонақ үй ретінде әдемі безендірілген киіз үй тігу кең таралғанын мәлімдеді (АДМ, 2023). Айта кеткен жөн, мал шаруашылығымен қатар елде туризм жақсы дамыған. Батыс Еуропа, АҚШ, Жапония, Оңтүстік Кореядан мамырдан бастап қараша айына дейін елдің табиғаты мен көшпелі тұрмыс-салтты тамашалау үшін туристтер көп келеді.



2-сурет – Қашаға тігілген киіз үй мен «ыстық үй». Баян-Өлгий аймағы, Өлгий қ. 2023 ж.

Моңғолияның орталық, солтүстік және шығыс аймақтарында жыл бойы киіз үйлердің пайдаланылғанын байқадық. Бұған Баян-Өлгий аймағымен салыстырғанда климаттың қолайлы болуы ықпал етеді. Қыста ауқатты қазақ отбасылары малшыларға белгілі бір төлемақы төлеп, киіз үймен қамтамасыз етіп, малын бағуға береді. Олардың өздері сұмын орталықтарында немесе қалаларда 2–3 қабатты үйлердегі өз пәтерлерінде тұрады.

Сонымен қатар қазіргі таңда киіз үйден бөлек жылжымалы баспананың басқа түрлері де қолданылып келеді. Оның бірі – қос және екінші түрі – күрке. Бұл уақытша баспаналар жазғы мезгілде жайлаудан шалғай кеткен шөп шабушыларға арналып тігіледі. Қос тігу үшін киіз үйдің ағаш қаңқасының кейбір бөліктерін қолданады. 2–3 кереге тұрғызылып, уықтар көлденеңінен байланып үстіне киіз немесе брезент жабылады. Күрке керегесіз, тек уықтарды жерге тіреп конус тәрізді орнатылады.

Қазақтардың тұрақты үйінің ежелгі формаларының бірі киіз үй тәрізді құрылым, яғни Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстанда шошала немесе тошала деп аталған және XIX ғасырдың екінші жартысында ас үй, қойма ретінде қолданылған (Востров, Захарова, 1989 :45) конус тәрізді шатыры бар цилиндрлік құрылыс Моңғолия қазақтары арасында «тошал үй» немесе «қосалқы үй» деп аталады. Жайлауда ауқатты қазақ отбасылар киіз үйлерінің қасына шаруашылық мақсатта қолдану үшін шағын киіз үй тігеді және оны «қосалқы үй» деп атайды. Тұрақты тошал үйдің жоспары шаршы немесе тіктөртбұрышты болады. Осылайша тұрақты тошал үй жайлауда да, қыстауда да, көктеу-күзеуде де кездеседі. Жаз мезгілінде жайлауда, сұмын, аймақ орталықтарындағы үй жанындағы тошал үйде мұржасы бар темір пеш қойылып, мұнда отбасы мүшелері тамақтанады және ыдыс-аяқ, азық-түлік, тұрмыстық құрал-жабдықтар сақталады. Киіз үй демалатын және қонақтарды қабылдайтын орын ретінде қолданылады (АДМ, 2008). Ал тұрақты маусымдық қоныстарда тошал үй шикі кірпіштен салынып, қойма немесе басқа шаруашылық мақсатта пайдаланылады.

Тұрақты баспана. Моңғолияның табиғаты мен климаты мал шаруашылығын жүргізуге қолайлы болғандықтан жыл он екі ай мал тебіндеп жайылады. Кеңестік билік тұсында да малшылар бірлестіктеріне біріктірілсе де көшпелі мал шаруашылығын жүргізген малшылар XX ғ. екінші жартысына дейін киіз үйді негізгі баспана ретінде қолданып келді. 1960-жж. бастап қыстауларда малға арналған жабық қоралар, тұрақты тұрғын үйлер салына бастады (Мухаммадиұлы, 1997: 123). Қыстауда орналасқан тұрақты құрылыстар кешені 2–3 тұрақты баспанадан, тошал үйден, мал қамауға арналған жадағай қашадан, оған жапсарлас төлге арналған қорадан, шөп қашадан құралды. Қыс, көктем, күз мезгілдерінде тұратын тұрақты баспананы Моңғолиядағы қазақтар «ыстық үй» деп атайды. Ыстық үйлер қалаларда, сұмын орталықтарында, тұрақты-маусымдық қоныстарда салынады.

Жартылай көшпелі мал шаруашылығын жүргізетін отбасылардың қыстау, көктеу, күзеудегі ыстық үйлерінің жоспары төртбұрышты немесе тіктөртбұрышты, көбінесе бір бөлмелі болып келеді немесе пеш арқылы бөлме екі бөлікке бөлінеді (Сур.3). Кейбір жағдайда үй кіреберістен (ауызғы үй) және тұрғын бөлмеден тұрады. 2008 ж. экспедиция барысында зерттелген үйлердің іргетасы аласа, тастан қаланған, қабырғасы қарағай бөренелерінен немесе шикі блоктан са-

лынған және екі жағдайда да сырты балшықпен майланған. Қабырғада бір немесе екі бірәйнекті терезе қойылған. Үш және одан да көп бөлмелі, екі әйнекті терезе қойылған үйлер көбінесе сұмын орталықтарында орналасты. Жауын-шашын мөлшері аз болуына байланысты үй төбесі жазық болды. Мұндай үйлер төртбұрышты болса да киіз үйде секілді үй ішінің кеңістігін төрге, ерлер, әйелдер бөлігі деп бөлу сақталып келді. Тұрмыстық заттардың орналасуы да киіз үйдегі ретті қайталайды. Бірақ азық-түлік және тұрмыстық заттар тошал үйде қойылуына байланысты бір бөлмелі ыстық үйде тамақтанады және демалады. Тұрақты маусымдық қоныстардағы ыстық үй ішіндегі жерге линолиум төселеді. Суық мезгілде тұратын ыстық үйде жер салқын болғандықтан аяқ-киімді шешпейді. Бір бөлмелі ыстық үйде отбасы мүшелерінің санына қарай қабырғаның периметрі бойынша темір керуерттер орналасады. Темір пеш бөлме ортасында емес кіреберістен оң жақ қабырғаға жақын қойылады. Отынға тезек, қи қолданып, пеш үстіне тамақ пісіріледі. Қырда, яғни қыстауда немесе көктеу-күзеуде орналасқан тұрақты үйдің іші күн батареясынан алынған электрқуатымен жарықтандырылады және теледидар, спутник антеннасы және басқа да электр құрылғылар баламалы энергиямен жұмыс жасайды.

Л.Р.Турганбаеваның пікірінше, жергілікті тұрғындар тұрақты баспаналардың күнделікті өмірдегі рөлі туралы дәстүрлі көзқарасты әлі де сақтайды. Ол уақытша болып саналады және арнайы қаражат пен жұмыс күшін қажет етпейтін қолда бар материалдардан жасалады. Көбінесе үй – бұл іргетассыз, кіреберіссіз ...салынған кішкентай терезесі бар лапидарлы призмалық көлем (Турганбаева, 2012: 319). Жыл мезгіліне байланысты қоныс ауыстырған жартылай көшпелі қазақ отбасылары дүние-мүлік жинауға құлықсыз болды. Өйткені көшпелі тұрмыста үлкен, ауыр жиһазды тасымалдау мүмкін емес болғандықтан тұрақты-маусымдық қоныстарда мүлкін қараусыз тастауға тура келеді.

Дегенмен де экономиканың дамуы баспана түрінің және жоспарының өзгеруіне әкелді. Халықтың материалдық жағдайының жақсаруына байланысты, урбанизация, жаһандану, модернизация үдерісінің ықпалымен тұрақты үйлердің құрылыс материалына, техникасына, сыртқы келбетіне, жылыту жүйесіне өзгерістер енді. Жылыту жүйесінің өзгеруі ыстық үй жоспарының өзгеруіне әкелді. XX ғ. 90-жж. бастап сумен жылыту жүйесі енгізіле бастаса да кең таралмады. Өйткені жеке үйлер орталық

жылыту жүйесіне қосылмаған және табиғи газ жоқ. Ал құбырдағы судың қатуына жол бермеу үшін пештің үздіксіз жануын қадағалау керек. Бұл өз кезегінде отынға көмірдің қолданылуын талап етеді. Ал көмірді жылу сақтау үшін жағады. Бөлмелер саны көбейді, үй кеңейді, құрылыс материалдары өзгерді, үйдің сыртқы эстетикалық түрі жақсарды. 2000 жж. бастап Өлгий қаласының ауқатты қазақ тұрғындары

екі қабатты үйлер сала бастады (Сур.4). Сұмын орталықтарында төрт және одан артық бөлмелі, сырты қызыл кірпішпен қапталған, терезе жақтауы пластиктен немесе ағаштан жасалған, төбесі шатырлы үйлер салу белең алды. 2023 ж. зерттеулер барысында Өлгий қаласында еуропалық үлгідегі екі қабатты үйлер санының артқаны және сұмын орталықтарында да салына бастағаны байқалды.



3-сурет – Күзеудегі ыстық үй, Баян-Өлгий аймағы, Алтай сұмыны, 2008 ж.



4-сурет – Екі қабатты ыстық үйлер. Өлгий қ. 2013 ж.

Моңғолия қазақтарының қазіргі өмірінде тұрақты тұрғын үйлердің интерьерінде көрші Қытайда жасалған заманауи жиһаздар басым, қабырғаға түскііз ілінбейді, еденге сырмақ орнына өндірістік тақыр немесе түкті кілемдер төселеді. Респонденттердің пікірінше, үйдің ішкі көрінісінде қабырғаға түскііз ілініп, жерге сырмақ төселсе және басқа да қолданбалы өнер бұйымдарын пайдалану, домбыра және мұсылмандардың қасиетті кітабы Құран қою арқылы үйге ұлттық көрініс беруге болады. Дегенмен, тұрақты баспана «ыстық үйдің» ішінде киіз үйдің ішкі жабдықтарының қолданылуы отбасының материалдық жағдайының төмен болуының белгісі болып саналады. Қалада тұратын жастар қолөнер бұйымдары тек киіз үйде керемет көрінеді деп санайды.

Қорытынды

Қорытындылай келе Моңғолия аумағында жүргізілген көпжылдық этнографиялық, этносоциологиялық зерттеулер жаһандану, урбанизация, модернизация үдерісі Моңғолия қазақтарының тұрмыс-салтына да белгілі бір деңгейде өзгерістер енгізгендігін көрсетеді. Өзгерістер тұрақты баспаналарды салуда қолданылатын құрылыс материалдарынан, үй салу әдістерінен, үйдің сыртқы келбетінен, жоспарынан байқалады. Ел экономикасының дамуы және тұрғындардың материалдық жағдайының жақсаруы жайлы заманауи үйде тұруға мүмкіндік берді. Жыл бойы тұрақты қоныстардың – сұмын, аймақ орталықтарының, қалалық елді-мекендердің өсуіне басқа да жағдай әсер етті. Малдың көптігінен жайылымдық жерлердің

тозуына байланысты, климаттың өзгеруінен жұттың жиіленуі салдарынан малдарынан айырылып, жартылай көшпелі мал шаруашылығын жүргізген қазақ отбасылары жан сақтау үшін қырдан қалалық елді-мекендерге қоныстануға мәжбүр болды. Бірақ бұл жаппай сипат алмады. Ховд аймағында қазақтар арасында зерттеу жүргізген шетелдік ғалым П.Финке де «Соңғы жылдары жұттың жиіленуі болашақты қабылдауды да, нақты шешімге келу жолдарын да өзгертті. Жаһандық жылыну, табиғи-климаттық өзгерістер экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан бейімделу үлгілерін өзгертті, қалаға көшу тартымды баламаға айналды. Бірақ климат қолайлы болып, мал басы қайтадан өсе бастағанда, адамдар мал шаруашылығына қайтадан оралуға дайын тұратындығын» жазады (Finke, 2023: 44).

Сондықтан зерттеулер Моңғолиядағы қазақ диаспорасының арасында Баян-Өлгий аймағын мекендейтін қазақ этникалық тобы өзінің төл мәдениетін қазіргі уақытқа дейін сақтап келетіндігін аңғартады. Соның ішінде бай материалдық мәдениетінің маңызды ескерткіштерінің бірі түрік типті киіз үй – қазіргі күнге дейін қолданылады. Жайлы заманауи үйлерде тұру қала тұрғындарының тұрмысынан киіз үйдің жоғалуына әкелмеді. Негізгі этникалық массивтен бөлек өзге мәдени ортада мекендесе де аталмыш аймақта шоғырланып өмір сүру, сондай-ақ жартылай көшпелі мал шаруашылығын жүргізу, елдегі халха-моңғол, урианхай және өзге түрік тектес ұлт өкілдерінің тұрмыс салтындағы үқсастық, үкімет тарапынан қысым көрмеу және елдегі туризмнің дамуы дәстүрлі материалдық мәдениеттің сақталуына ықпал етті.

Әдебиеттер

- АДМ (2008) – Автордың далалық материалдары (Моңғолия, Баян-Өлгий, Ховд аймақтары)
 АДМ (2013) – Автордың далалық материалдары (Моңғолия)
 АДМ (2023) – Автордың далалық материалдары (Моңғолия, Баян-Өлгий, Ховд аймақтары)
 Әжіғали С., Байғабатова Н., Ошанов О. (2004) Баян-Өлгей аймағындағы 2003 жылғы этнографиялық зерттеулердің кейбір нәтижелері // Қазақ диаспорасы мәдениетінің зерттелуі: Семинар материалдары. – Алматы: 108 б.
 Базылхан Н. (2014) Моңғолиядағы түрік тектес этностар жайында // Орталық Азияның қазақ диаспорасы: тарих–мәдениет–ескерткіштер. Халықаралық ғылыми конференция материалдары (Алматы, 5 желтоқсан 2014 ж.) / Жауапты құраст.-ред. С.Е.Әжіғали; құраст.: А.Т.Абдуллина, К.Н.Балтабаева, Г.Ү.Орынбаева. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. – 428 б. +12 түрлі түсті суретті жапсырма. 67–71-бб.
 Востров В.В., Захарова И.В. (1989). Казахское народное жилище. Алма-Ата: Наука. – 181 с.
 Муканов М.С. (1981) Казахская юрта. – Алма-Ата.
 Мухамадиұлы Х. (1997) Моңғолиядағы қазақ субэтностының қалыптасуы мен дамуы. (Тарихи-этнологиялық зерттеу). Алматы-Улаанбаатар. 221 б.
 Потанин Г.Н. (1948) Путешествия по Монголии. – Москва: ОГИЗ Государственное издательство географической литературы. – 456 с.

Турганбаева Л.Р. (2012) Организация и структурирование пространства традиционных поселений казахов Монголии // Казахстан и зарубежные казахи: Мат-лы Междунар. научн.-практ. конф. «Репатриация этнических казахов в Казахстан как составная часть государственной миграционной политики: достижения, проблемы и пути решения», посвященной 20-летию Всемирной Ассоциации казахов (г. Алматы, 12 октября 2012 г.) / Сост. К.Н. Балтабаева, К.М. Конарбаева. – Алматы: Атажурт. – 376 с. С. 318–321.

Этнокультурная идентичность диаспоры: представления и практики (на примере казахов Монголии и Китая) (монография) (2020) / Байгабатова Н., Толамисов А., Рахипова С., Ашимова Д., Хуанган О. – Талдыкорган: ИП «Дизайн-ОТ». – 182 с.

В Улаанбаатаре реализуется тестовый проект по внедрению возобновляемых источников энергии (2023) [Электронный ресурс] — URL: (<https://montsame.mn/ru/read/333933>) (Мәлімет алынған күні 24.03.2024).

2020 Population and housing census of Mongolia national report (2020). Ulaanbaatar, 298 p.

Finke, Peter (2023) Qazaq pastoralists in western Mongolia: institutional change, economic diversification and social stratification. New York. 241 p.

Portisch, A.O. (2023) A Magpie's Tale: Ethnographic and Historical Perspectives on the Kazakh of Western Mongolia. 267 p.

Portisch, A.O. (2013) Social and economic aspects of the uses of animal wool and hair in western Mongolia. Etudes Mongoles et Siberiennes, Centrasiatiques et Tibetaines. pp. 43-44

Portisch, A.O. (2009) Techniques as a window onto learning: Kazakh women's domestic textile production in western Mongolia. Journal of Material Culture. № 14(4), pp. 471–493

Portisch, A.O. (2010) The craft of skilful learning: Kazakh women's everyday craft practices in western Mongolia. Journal of the Royal Anthropological Institute, Vol. 16. pp. S62–S79

References

ADM (2008) – Avtordyn dalalyq materialdary [the author's field materials] (Mongoliya, Bayan-Olgij, Hovd ajmaqtary) [in Kazakh]

ADM (2013) – Avtordyn dalalyq materialdary [the author's field materials] (Mongoliya) [in Kazakh]

ADM (2023) – Avtordyn dalalyq materialdary [the author's field materials] (Mongoliya, Bayan-Olgij, Hovd ajmaqtary) [in Kazakh]

Azhigali S., Bajgabatova N., Oshanov O. (2004). Bayan-Olgej ajmagyndagy 2003 zhylgy etnografiyalıq zertteulerdin kejbir natizheleri [Some results of 2003 ethnographic research in the Bayan-Olgey region] // Qazaq diasporasy madenietinin zerttelui: Seminar materialdary. – Almaty: 108 b. [in Kazakh]

Bazylhan N. (2014) Mongolijadagy turik tektes etnostar zhajynda [About Turkic ethnic groups in Mongolia] // Ortalyq Aziyanyn qazaq diasporasy: tarih-madeniet-eskertkishter. Halyqaralyq gylmi konferenciya materialdary (Almaty, 5 zheltoqsan 2014 zh.) / Zhauapty qurast.-red. S.E.Azhigali; qurast.: A.T.Abdullina, K.N.Balatabaeva, G.U.Orynbaeva. – Almaty: «Eltanym baspasy». – 428 b. +12 turli tusti suretti zhapsyrma. 67–71-bb. [in Kazakh]

Vostrov V.V., Zaharova I.V. (1989). Kazahskoe narodnoe zhilishche [Kazakh national dwelling]. Alma-Ata: Nauka. – 181 s. [in Russian]

Mukanov M.S. (1981) Kazahskaya yurta [Kazakh yurt]. – Alma-Ata. [in Russian]

Muhamediuly H. (1997) Mongoliyadagy qazaq subetnosynyn qalyptasuy men damuy. (Tarihi-etnologiyalyq zertteu) [Formation and development of the Kazakh subethnos in Mongolia. (Historical and ethnological research)]. Almaty-Ulaanbaatar. 221 b. [in Kazakh]

Potantin G.N. (1948) Puteshestviya po Mongolii [Traveling around Mongolia]. – Moskva: OGIZ Gosudarstvennoe izdatel'stvo geograficheskoy literatury. – 456 s. [in Russian]

Turghanbaeva L.R. (2012) Organizaciya i strukturirovaniye prostranstva tradicionnyh poselenij kazahov Mongolii [Organization and structuring of the space of traditional Kazakh settlements in Mongolia] // Kazakhstan i zarubezhnye kazahi: Mat-ly Mezhdunar. nauchn.-prakt. konf. «Repatriaciya jetnicheskikh kazahov v Kazakhstan kak sostavnaja chast' gosudarstvennoj migracionnoj politiki: dostizheniya, problemy i puti resheniya», posvjashhennoj 20-letiju Vsemirnoj Associacii kazahov (g. Almaty, 12 oktjabrja 2012 g.) / Sost. K.N. Balatabaeva, K.M. Konyrbaeva. – Almaty: Atazhurt. – 376 s. S. 318–321. [in Russian]

Etnokul'turnaya identichnost' diasporı: predstavleniya i praktiki (na primere kazahov Mongolii i Kitaya) (monografiya) (2020) [Ethnocultural identity of the diaspora: ideas and practices (on the example of Kazakhs of Mongolia and China) (monograph)] / Baigabatova N., Tolamisov A., Rakhipova S., Ashimova D., Huanggan O. – Tal'dykorgan: IP "Design-OT". – 182 s. [in Russian]

V Ulaanbaatаре realizuetsya testovyy proyekt po vnedreniyu vozobnovlyayemykh istochnikov energii (2023) [A test project on the introduction of renewable energy sources is being implemented in Ulaanbaatar] [Elektronnyj resurs] — URL:<https://montsame.mn/ru/read/333933> (date of receipt 24.03.2024). [in Russian]

2020 Population and housing census of Mongolia national report (2020). Ulaanbaatar, 298 p.

Finke, Peter (2023) Qazaq pastoralists in western Mongolia: institutional change, economic diversification and social stratification. New York. 241 p.

Portisch, A.O. (2023) A Magpie's Tale: Ethnographic and Historical Perspectives on the Kazakh of Western Mongolia. 267 p.

Portisch, A.O. (2013) Social and economic aspects of the uses of animal wool and hair in western Mongolia. Etudes Mongoles et Siberiennes, Centrasiatiques et Tibetaines. pp. 43-44

Portisch, A.O. (2009) Techniques as a window onto learning: Kazakh women's domestic textile production in western Mongolia. Journal of Material Culture. № 14(4), pp. 471–493

Portisch, A.O. (2010) The craft of skilful learning: Kazakh women's everyday craft practices in western Mongolia. Journal of the Royal Anthropological Institute, Vol. 16. pp. S62–S79

Авторлар туралы мәлімет:

Шалманова Әлия – Тарих және дінтану кафедрасының PhD докторанты, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ. E-mail: aliya_sh83@mail.ru

Бекназаров Рахым – тарих ғылымдарының докторы, доцент, Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ. E-mail: r.beknazarov@gmail.com

Information about authors:

Shalmanova Aliya Bakytzhanovna – PhD student of the Department of History and Religious Studies, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Kazakhstan, Aktobe. E-mail: aliya_sh83@mail.ru

Beknazarov Rahym Agibaevich – Doctor of Historical Sciences, Associate Professor, Vice-Rector for Science and Innovation, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Kazakhstan, Aktobe. E-mail: r.beknazarov@gmail.com

Сведения об авторах:

Шалманова Алия Бакитжановна – докторант кафедры истории и религиоведения, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Казахстан, г.Актобе. E-mail: aliya_sh83@mail.ru

Бекназаров Рахым Агибаевич – доктор исторических наук, доцент, проректор по науке и инновациям. Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Казахстан, г.Актобе, E-mail: r.beknazarov@gmail.com

Поступило: 09.01.2025

Принято: 05.03.2025